



Бекітімді

Мектеп директоры

А.Джумагазиева

**№3 арнайы мектебіндегі педагогикалық көнес отырыстарының жоспары.**  
(2021-2022 оқу жылы)

№	Қаралатын мәселелер	Уақыты	Орындаушылар
1	<p><b>Тақырыбы: Мектеп үкісімінің жаңа оқу жылындағы міндеттері мен мақсаттары.</b></p> <p>1. Баяндама «Мұгалім қызметі»</p> <p>1. Откен оқу жылына талдау.</p> <p>2. Арнайы мектептерде оқу процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы</p> <p>3. Педкеңестің жоспарын жасақтап, бекіту.</p> <p>4. Эдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту.</p> <p>5. Сынып жетекшілерді бекіту.</p> <p>6. Жаңадан қабылданған жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау.</p>	қыркүйек	<p>A.K Тулебаева</p> <p>Бірлестік жетекшілері.</p> <p>Мектеп әкімшілігі ОІМ. Тулебаева А.К</p>
2	<p><b>Тақырыбы: Мұгалімдер мен оқушылар арасындағы мәдени қарым - қатынас</b></p> <p>1. Баяндама «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс»</p> <p>2. 1 тоқсан бойынша оқу –тәрбие жүмысының қортындысы.</p> <p>3. 5-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі туралы</p> <p>4. Мұгалімдерді марарапатқа ұсыну.</p> <p>5. «МЕКТЕП EDUS форматының жүмысы туралы.</p>	қарааша	<p>ДТЖО Сулейманова А.Х ОІМ А.К Тулебаева</p> <p>Сынып жетекші Нұрқасынова К</p> <p>ДТЖО Сулейманова А.Х</p>
3	<p><b>Тақырыбы: «Білім беру сапасын арттыру факторы ретінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс»</b></p> <p>1. Баяндама «"Оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттіліктері бар балаларды алеуметтік қорғау"</p> <p>2. Бірлестік апталығын откізу жоспарын бекіту.</p> <p>4. I шіл жарты жылдықта жасаған жүмыстар есебі.</p> <p>5. II жарты жылдық бойынша оқу –тәрбие жүмысына сараптама</p> <p>II шілжарты жылдықтың міндеттері туралы.</p>	қаңтар	<p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Бірлестік жет/і:</p> <p>Мамандар</p> <p>ОІМ. Тулебаева А.К</p>

4.	<p><b>Тақырыбы:</b> «Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуы»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баяндама «Озық тәжірибе – мұғалім шығармашылығының негізі»</li> <li>2. Мұғалімдердің аттестациясы туралы қорытынды шешімі</li> <li>3. Мұғалімдерді мерекелік марарапттау.</li> <li>4. Бірлестік апталығының биылғы жетістіктері.</li> <li>5. III тоқсан қорытындысы.</li> </ol>	наурыз	<p>OIM А.К Тулебаева</p> <p>Логопед Аккулова Р</p>
5	<p><b>Тақырыбы:</b> <i>Білім басты байлығымыз</i></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Баяндама : «<b>Білім – өмір шырағы</b>»</li> <li>2. Оқу жылының аяқталауы туралы. а ) оқу жылын аяқтау туралы нұсқаулықты талдау</li> <li>ә ) емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа коширу туралы</li> <li>3. 9-сыныптарында жүргізілген емтихандардың қорытындысы;</li> <li>4. Педагогикалық үжымның 2021/2022 оқу жылындағы жұмыстарын талдау және жеке мұғалімдердің жетістіктерін бағалау</li> <li>5. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне сәйкес 2022/2023 оқу жылына қойылатын міндеттер мен талаптар</li> </ol>	мамыр	<p>Тәлімгер Нұрадин С</p> <p>А.У Джумагазиева OIM Тулебаева</p> <p>OIM Тулебаева</p> <p>OIM Тулебаева</p>

**2021 - 2022 оқу жылы.**

**Педкеңестің № 1 хаттамасы.**

Педкеңес өткізілген күн : 28.08.2021 жс

Катысқан мұғалімдер – 35 мұғалім

Күн тәртібінде : 1. Баяндама « Мұғалім қызметі» ОІМ. Тулебаева А

2. Өткен оқу жылына талдау.

3 «Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

4. Әдістемелік бірлестік жоспарын бекіту.

5. Мұғалімдерді марапатқа ұсыну.

6. Сынып жетекшілерді бекіту

1. Педкеңесті ОІМ Анар Қалдыбайқызы өзінің « Мұғалім қызметі» атты баяндамасымен ашып , биылғы оқу жылындағы дәстүрлі форматта оқыту процесіндегі мұғалімнің ролі ерекше екендігі туралы атап өтті.

2. Өткен оқу жылына тоқталатын болсақ , өздеріңізге белгілі былтырғы оқу жылы қашықтан 133 оқушымен басталып, 148 оқушымен аяқталған болатын. Оның ішінде 14 оқушы мектепті бітіріп кетті. Оқу жылының екінші тоқсанынан бастап мектеп балансына алынған 100 ноутбук пен 20 планшет оқушыларға пайдалануға ұсынылды. Бірақ ата-аналардың 50% -ы гана пайдалануға алды. Басқалары бұзып алған жағдайда жөндетуге жағдайымыз келмейді деп бас тартты. Қашықтан оқыту форматы кезінде біршама қындықтар туындағы. Бірнеше рет өңіріміз жасыл аймаққа енген кезде оффлайн форматта ата-аналардың өтініштеріне суйене отырып, 42 оқушыны , қатаң ережелерді ескере отырып , мектепке қабылдадық. Бірақ көп ұзамай З сынып оқушысы аурумен байланыста болып , оқушылар қайтадан үйден қашықтан оқытуға жіберілді. Осында аумалы -төкпелі уақытта сыннып жетекшілердің еңбегін ерекше атап өткім келеді. Үнемі ата-аналармен тығыз байланыста болып , туындаған мәселелерді бірге шешіп, өз жауапкершіліктеріне жауап берे білді.

3. Биылғы оқу жылындағы ерекшеліктеге тоқталатын болсақ .

■ - Оқу дәстүрлі форматта басталады. – балалардың жан-жакты дамуына жағдай жасау мақсатында барлық сынныптардың оқу жоспарларына Дене

шынықтыру пәніне «Шахмат», «Төвізқұмалак»), «« Устел теннисі »ойындары енгізілді. Біздің мақсатымыз :

- Ақыл - ой кемістігі бар (жеріл және ортиша ақыл-ой кемістігі бар )білім алушылар үшін;
- -Козғалыс саласын жетілдіріу;
- Танымдық іс –әрекеттерін дамыту;
- Білім алу ,алғашқы кәсіби қызметті дамыту;

4. Был мектебімізде бірлестік қызмет атқаруды жоспарлап отыр. Жыл басында әр бірлестік жетекшілері жылдық жоспарларын бекіттіріп, өздері жеке –жеке отырыстарын өткізді. Осы жылы мектебімізге 3 жас маман қызметке орналасты. Олар:

1. Нұргазиева Ұ- математика пәнінің мұғалімі – тәлімгер Умельбаева Б
2. Шаханова Н – физика пәнінің мұғалімі- тәлімгер Умельбаева Б
3. Нұрадин С - тәлімгер ( география пәнінің мұғалімі) - Чураякова А
5. Былғы оқу жылында марарапатқа еңбек өтілі жоғары мұғалімдер ұсынылды. Аman айтатын болсақ Сатыбалдиева Т, Тулебаева А, Сулейманова А. Мектепте өздерін жан –жақты көрсете біліп, аянбай еңбек еткен ұстаздардың еңбегі ерекше. Оқу тәрбие процесінің жан-жақты дамып жетілуіне мектеп директорының тәрбие және оқу ісінің менгерушілерінің де қосқан үлесі ұшан тәніз. Ұстаздар еңбегі марарапатқа лайық.
6. Былғы оқу жылында мектепте 10 сынып бар .  
1 сынып жетекшісі – Сақтағанова Аджарбике Джолдыбаевна  
2 сынып жетекшісі - Рахышова Зұлфия Серикбаевна  
3 сынып жетекшісі – Сатыбалдиева Талишын Куанбековна  
4 сынып жетекшісі – Төрениязова Бақыт Адилхановна  
5 сынып жетекшісі - Нурқасынова Қамажай Қарағұлқызы  
6 сынып жетекшісі - Сүйеубаева Дариха Туркменбаевна  
7 сынып жетекшісі - Қалдыбаева Сәуле Бердықличовна  
8 сынып жетекшісі - Аккулова Жайжан Тубировна  
9 сынып жетекшісі - Базарбаева Алмаджай Аврашевна  
9б сынып жетекшісі – Түгелбаева Сәуле Турганбаевна

Осы аталған мұғалімдер сынып жетекшілікке бекітілді. Баршаңызга оқу жылы сәтті жыл болсын.

- Қаулы:
1. Оқу процесі әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген бағытта жүргізілсін.
  - 2.Әдістемелік бірлестік жұмысы уақытында жүргізілсін.
  - 3.Жетістігі бар мұғалімдер марарапатқа ұсынылсын.

Педкеңес  
Хатшы:



А.У Джумагазиева  
А.К Тулебаева

№3 арнайы мектебі

# Баяндама

Тақырыбы: «Мұғалшым қызметі»

Оқыған : ОІМ Түлебаева А.К

2021-2022 оқу жылы

Мұғалім – жалпы білім беретін оку орындарында оқушыларды оқытып, тәрбиелу қызметін атқаратын маман. Мұғалім қогамдық тәжірибелі жас үрпаққа жеткізуде және оларға тәлім-тәрбие беруде маңызды рол аткарады. Ежелгі шығыс елдерінде мұғалім негізінен абыздардан болатын. Орта гасырда мектеп дінмен тығыз байланыста болып, мұғалім міндеттін дін қызметшілері аткарады. Мекетеп ісінің дамуы нәтижесінде мұғалімдік көсіп көнінен тарап, өз алдына мамандық болып қалыптасты.

Мұғалім адамды адам етіп тәрбиелейтін маман иесі. Тәрбие дейтін ата ұғымынан пайда болғаннан бері бұл қызметтің ең беделді, ең білір адамга тапсырылатыны сондықтан. Мұғалімнің қызметі оте күрделі және көп салалы. Сондықтан мұғалімнен жан-жактығылыми терен білім, жоғары педагогикалық шеберлік, саяси моральдық қасиет, табанды ерік-жігер, парасатты мінез-құлық талап етеді.

Казіргі кезде мұғалім мамандығына қойылатын талаптардың бірі оның өзі тарапшынан оқушы мен ата-ана, әріптестермен демократиялық, гуманитарлық педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асыра білуі. Мұғалім жас үрпақты жаңаша ойлауга адамзат тарихында гасырлар бойы жиналған байлықты білуге және бүгінгі күнде омірімізде орын алған рухани жадамдықтан арылуға ықпал жасаушы мамандық. Ортамызға қайта оралған халқымыздың рухани байлығының көл перзенттері Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймаутов т.б. еңбектері мұғалімнің сана-сезімін, дүниетанымын жаңартуға бағыт береді. Казіргі заман мұғалімі ең басты ерекшеліктерінің бірі жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды қүшетту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматын және отанды қорғаушысын тәрбиелеп шыгару. Бұл үшін мұғалім табигат, қогам, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңағылыми біліммен қаруланған болуы шарт. Мұғалім еңбегі оте ептілікті, сезгіштікті, шыдамдылықты талап етеді. Мұғалім бала жанын сезе білуге бейім болуы керек. Мұғалімнің балаға шынайы сезіммен, құрметпен карауы, балада да мұғалімге деген сезімін тудырады. Мұғалім еңбегінің ерекшеліктері оның баламен үнемі қарым-қатынаста болуымен сипатталады. Сондықтан мұғалімнің жалпы дәрежелі болуы оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің көндігі, рухани байлығы педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды. Мұғалім өз заманының білімді, мәдениетті адамы бола отырып оқушыны оқи білуге, білім ала білуге үйретеді.

Педагогикалық істің шебері болу шарттары:

- 1) Көсіптік білім
- 2) Көсіптік қабілет немесе педагогикалық қабілет
- 3) Педагогикалық әдеп
- 4) Педагогикалық техника

Мұғалімнің әдістемелік жұмысының қандай түрін таңдаса да соңғы нәтижеде оның тиімділігі мұғалімнің өз бетінше өз білімін көтеруге байланысты болмақ. Сондықтан да үздіксіз білім беру процесін жоғары оқу орны – мұғалімдер білімін жетілдіру институты – семинар, курс, практикум және т.б. оқу түрлерімен шектеуге болмайды, оған осы оқу түрлерінің арасындағы тынымсыз ой еңбегін де жеткізу керек. Ересек адамның өз білімін көтеруі барынша даралығымен ерекшеленеді, содан да мұғалімнің өз білімін көтеру жұмысына тәжірибелі әріптесі, беделді мектеп басшысы тарапшынан тиянақты көмек қажет.

Мұғалімнің өзінің педагогикалық білімін көтеру оның өз бетінше педагогикалық құндылықтар, технология, шығармашылық тәжірибелерді игеруі қарастырылады. Оның мазмұны психологиялық – педагогикалық және арнайы білімдердің, педагогикалық жұмыстығылыми ұйымдастырудың негіздерін, жалпы педагогикалық мәдениеттің қамтиды.

Әрбір мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі ой еңбегінің техникасын білу ақыл-ой әрекетінің дербес ерекшеліктерін ескеру негізінде құралады. Мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі оның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, дербес жұмыс жоспар жүргізіп, оны іске асыра алуына тікелей байланысты.

Педагогикалық шеберлік те педагогикалық техниканы менгерудің ете зор маңызы бар. Осы үтімдегі байланысты мәссолелер А.С. Макаренконың ойынша, жоғары оку орындарында оқытып педагогтарды басқаша тәрбиелу көрек еді деп көрсетті. Ол калай тұру, калай отыру, столдан калай тұру, дауысты калай көтеру, калай жыниш, калай карау сияқты.

Жақсы шебер мұтадім оқушылармен карым-қатынастан да белгілі сынай жасай алады. «Ужымдаты катынас, стиль сынай» деген еңбегінде А.С. Макаренко билай деп жазды: «Балалармен сойлескен кезде мұтадім жадырап, жыныш тұруы тиіс, ал бұл құлқісі жасанды болмай, сезімге толы жұмсақ құлқі болуы тиіс».

Ол мұтадімнің сыртқы кейінне мән береді: «Мен сыртқы кейінне баса назар аудардым. Сыртқы кейін адамның өмірінде зор маңыз алады. Лас, салдыр-салак адам өзінің жүрістүрьсін қалагалап жүреді деп ойлау киын».

Педагогикалық шеберліктің мәні – мұтадімнің жеке мәдениетінің, білімнің және ой-орісінің өзіндік жыныстыры, оның жан-жақты теориялық даярлығы, оқыту және тәрбиенің тәсілдерін, педагогикалық техника мен алдыңғы көтөрмөлдердің озат тәжірибесін менгеру.

Минеки, жас педагог класс табалдырығынан алғаш рет айтады делік. Алда оны құрмеуі күннен күннен оқытадар күтіп тұр десеңізші! Мұндайда тәжірибесіз ұстаз бірінен сон бірі туындал жататын ербір педагогикалық ситуациюны таразылай алмай әбден әлекке түседі. Әлбетте, әуелден-ак ол ері байсалды, ері катал, ері биязы, ері талаштыл, ері сабырлы, ері аяжарқын ... болуга тырысып бағады. Егер жоғары оқу орнында жүргендеге-ак педагог-ұстаздар осынау қасиеттерді оның бойына сіңіруге көмектессе, онда жас мұтадімнің жолы болтана. Өкінішке орай мұндай жағдай тым сирек. Ал балалар ешинарсені күтіп отырмайды. Олардың өз таланттары, өз пайымдаулары бар. Міне осындағы сындарлы сәтте жас маман кейде өз еркімен, кейде өз еркінен тыс ауырдың үстімен, женілдің астымен тұра тартар жолды таңдайды. Сейтіп, міnez қырлары көрінеді. Жүйке жұкарады. Екіліктер койылады. Күнделікте неше түрлі жазулар жазылады. Ата-ананы адамгершілікке шакырган әңгімелер басталады. Класс жетекшілері мен мектеп әкімшілігіне талай-талай шағымдар айтылады. Нәтижесінде балалар мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас асқына түседі. Өзінің іс-кимылына сын көзben қараған жағдайда мұтадім ерте болсын, кеш болсын, әрине оң шешім таба алады. Ал жас маманда өз ісін тезге саларлық қабілет болмаса ше? Міне нақ осындағы жағдайда ол өз басындағы құллі қырсықтың түп тамырын тәрбиелеушілердің сапасыздығын іздей бастайды.

Мұтадім профессограммасы – болашақ мұтадім әрекетінің моделін айтады және профессограмма мамандықтың өзіне тән сапалық ерекшелігін көрсету және жүйелеу. Профессограмманың үлгісі:

1. Мұтадімнің жеке басы және оларға тән сапалық қасиеті мен белгілері (мұтадімнің ісіне адалдығы, танымы, ынта-ықыласы, кәсібіне сай бағыты, бейімділігі, қабілеті, баланы сүйюі, байқағыштығы, үйымдастырыштығы, орынды талап қою, ұстамдылық сенім арту).
2. Мұтадім қызметінің түрлері: а) Ұстаздық ә) Тәрбиелік б) Қоғамдық в) Қоғамдық, педагогикалық жұмысы.
3. Мұтадімнің мамандық деңгейін көтеруге қойылатын талаптар (кәсіптік білім, дағды, ізденіс, іске творчестволық мән беру, жаңашыл болу).
4. Мұтадімнің әдістемелік тұрғыдан көтеру деңгейінде қойылатын талаптар (тәжірибе алмасу, озат жаңашыл мұтадімнің іс-тәжірибелерін зерттейтін оны тарату, оқыту, тәрбиелеу жұмыстарының нәтижесін, тиімділігін анықтау білімін үздіксіз жетілдіріп отыру).
5. Мұтадімдік мамандықтың өзге мамандықтардан ерекшелік белгілері (жоғарда айттылған барлық белгілер де кіреді).
6. Оқу орындарында мұтадімдік мамандыққа даярлау жолдары: а) Мектеп қабырғасында мұтадімдік мамандық бойынша бағдар беру ә) Педагогикалық оқу орындарында оқып жүрген кезінде мұтадімдік мамандыққа үйрету б) Мұтадімдік мамандықты менгеру өз бетінше мамандық шеберліктерін көтеріп отыру жұмыстары.

Мұғалімдер, тәрбиешілер, мектеп жетекшілерінің біліктілігін көтеруге басшылық – білім саласындағы басқару қызметі бағыттарының маңызды да мәнділерінің бірі. Бұл қызмет теменделгіл аса маңызды орі қажетті бірліктерден құралады:

- мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқушылармен жүргізетін оқу-тәрбие жұмыстарының формалары мен адістерін пайдалану және колдану шеберлігін жетілдіру, үздіксіз күрделене дамудағы білім мазмұнын менгеруін қамтамасыз ету;
- мектептегі оқу-тәрбие процесінің мүмкіндігінше жоғары деңгейде жабдықталуы мен барша деңгейдегі жаңашыл-жасамназ іс-әрекеттердің орындалуына жағдай жасау;
- мектептің даму бағытын айқындауга байланысты педагогикалық ұжым қызметіне дем беріп, оны жетілдіру;

Кәсіби қызметінің барысында барша мамандар өз педагогикалық шеберлігін арнайы курстарда, семинарларда, біліктілік көтеру мекемелерінде жетілдіріп баруы міндетті. Бұл мақсатта келесідей іс-шаралар үйымдастырылуы мүмкін:

- негізгі жұмыс орнына үзіліссіз откізілетін қыска мерзімді тақырыптық оқулар (соңғы сұтихан, сыннак ис накты кәсіби қызмет мәселесіне орай реферат қоргаумен біtedі);
- сала, үйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық не проблемді орташа мерзімді семинарлар (жұмыстан үзіліссіз);
- мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзак мерзімді окуы.

Жаңа бағдарламалар бойынша қосымша білім және ептіліктер игеру және кәсіби қызметке орай жаңа мазмұн мен соңғы технологияларды менгеру үшін кәсіби қайта дайындық (екінші мамандық алу) оқулары үйымдастырылады.

Қайта дайындық нәтижелері бойынша кәсіби іс-әрекеттің белгілі саласында жұмыс алыш бару құқығына кепіл мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Ерекше педагогикалық таланты бар мұғалімдер тұмысынан дарынды мұғалімдер бар, мұндай мұғалімдер өздерінің оку тәрбие жұмысындағы бүкіл жолында табысқа жетіп отырады.

Тәжірибеде кез-келген мектептің ұжымымен балаларды қызықтыра біletін, сабактарында әрдайым тамаша тәртіп болатын, мектепте бәрі солардың айтқанын істейтін, қисық-қыдыр оқушыларды соларға жөнге салуға жіберетін талантты мұғалімдерді табуға болады. Олардың шәкірттері әйтеуір бұлардың беделін бірден мойындалап, түйсігімен сезінеді, оған мойын сұнады. Әрине, мұндай мұғалім баланың жүргегінде із қалдырады.

«Шеберлік дегеніміз – қол жеткізуге болатын нәрсе-деп жазды А.С. Макаренко,-атақты шебер токарь тамаша шебер дәрігер болатыны сияқты, педагог та тамаша шебер бола алады және болуға тиіс те. Біздің бәріміз де бірдей адамдар екенімізге мен кәміл сенімдімін. Мен 32 жыл жұмыс істедім, ал азды-көпті ұзак уақыт бойы жұмыс істеген әрбір мұғалім, жалқау болмаса, шебер болып алады. Ал сіздердің, жас педагогтардың әрқайсысы біздің ісімізді тастап кетпесе, міндетті түрде шебер бола алады, ал оның шеберлікті қаншалықты менгеруі – оның табандылығына байланысты болмақ».

Әрине, шеберлік жылдар өткеннен кейін барып келеді. Педагогикалық стаждың әрдайым белгілі дәрежеде мұғалімнің кәсіптік шеберлігін сипаттайтыны тегін емес.

Адамның бойында мұғалім мамандығына деген бейімділіктің болуы педагогикалық шеберлікті менгеруге көбіне көп әсер етеді.

Педагогикалық әдел – мұғалімнің аса бағалы педагогикалық қасиеті, бұл қасиет оған педагогикалық әсер ету құралдарын қолдаған кезде өз эмоцияларын білдіру шамасын көрсетеді, ен алдымен оқушылардың психологиясын терең біліп, түсінуге негізделген. Сонымен қатар педагогикалық әдел- мұғалімнің кәсіптік сапасы және кәсіптік ерекшелік белгісі. Кейбір мұғалім, кәсібін айтпай- ақ, өзінің әділдігімен, ілтипаттылығымен өзінің мамандығын сырт көзге айқындалап тұрады. Мұғалімнің ашу үстіндеешқандай шешім кабылдамауы пайдалы. Болашақ ұстаздар өз ісінің ірбір қыр-сырын жетік игеру жолында кәсіптік сапаларды толық менгерсе, бүтінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны күмәнсіз.

7. Студеттердің, мұғалімдердің өз бетінше білімдерін жетілдіру мазмұны (мұғалімнің гылыми деңгейін көтеру, арнағы методикалық білімдерін жетілдіру, шеберлігін таныту, өз бетімен жүргізетін оқуы, ізденісі).
8. Мұғалімдік мамандықтың шебері болудың негізгі шарттары (жоғары айтылғандардың барлығы).

Мұғалімдік мамандықты мәңгілік деп айтады. Осыдан 300 жыл бұрын өмір сүрген гылыми педагогиканың негізін қалаушысы Ян Амос Коменский мұғалімге ең тамаша міндегі жүктелген, күн астында одан жоғары тұрған еш нәрсе жоқ деп жазды. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский мұғалім мамандығын былайша бағалады: «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен тарихтағы ең ұлы істін бірі». Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі мұғалімнің қоғамдағы орнына қарай айқындалады. Мұғалім мамандығы біздің еліміздегі ең кең тараған мамандықтардың бірі.

Жақсы мұғалім бұл ең әуелі қайғы қуанышка ортақтасып парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларға ұқыпты қарайтын жақсы адам. Сонымен катар мұғалім бейнесі көпшілік мақұлдаған ізгілікті жандардан тұратын бейнебір стандартты өзгермейтін модель ретінде елестетуге болмайды. Адамға тән нәрсенің барлығы мұғалімге жат емес. Алайда болашақ жас педагогтар үшін өзін тәрбиелеудің кәсіптік педагогикалық өзіндік пайдалы сипаттарын білген жөн.

Үстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ак тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздептін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын болуы қажет деп ойлаймын. Мен ұстаздықтың ауыр жүгін арқалауды өз жүргімнің қалауымен таңдадым. Маман ұстаз ретіндегі негізгі ұстанымым: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, окушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу.


# *Бірлестік отырысы*




*Түзете-дамыту  
бағытындағы бірлестік*




*Бастауыш сынып бірлестігі*




*Жаратылыстану-математика  
пәндер бірлестігі*



# *Бірлестік отырысы*



*Түзете-дамыту  
базындағы бірлестік*



*Бастауыш сыйып бірлестігі*



*Жаратылыстану-математика  
пәндер бірлестігі*



2021 - 2022 оқу жылы.

Педкөңестің № 2 хаттамасы.

Педкөңес откізілген күн: 2021 жс 20. 11

Катысқан мұғалімдер: мұғалім

1. Баяндама: «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс»
2. II-ші жарты жылдық бойына оқу-тәрбие жұмысының қортындысы.
3. 5 сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі туралы
4. Мұғалімдерді марапатқа ұсыну.
5. «МЕКТЕП EDUS» форматының жұмысы туралы.
6. Кезекті тест тапсырган мұғалімдерден қолхат алып, құжаттарын реттей.

1. Педкөңестің алғашқы сөзін мектеп дефектологі Утеева Жанар өзінің «Мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланыс» атты баяндамасымен ашты. Мақсаты: оқушы, ата-ана мен мектептің бір-бірімен тығыз байланыста жұмыстануының қарқынды болуын жақсарту, ата-аналармен жақсы байланыста болу. Осы мақсатта мектепте ата-аналармен жұмыс жақсы қарқында, қын оқушылармен үнемі мамандар жекелей және топтық жұмыстар жүргізсе, психолог ПМПК комиссиясына ұсынатаң оқушылардың ата-аналарымен үнемі тығыз байланыста. Бірінші жарты жылдықта оқушылардың білім деңгейіне тоқталатын болсақ, айтарлықтай жақсы емес, қашықтан оқығаннан ба, оқушылар тіпті нашарлап қалған. Бұл сірә тек, ата-анамен бірлесе отырып қана жақсы нәтиже беретіні айтпаса да түсінікті.

2. Был бастаудың сынып оқушыларының мектепке бейімделуі көп қындық тугызды. Әсіресе 1 сынып оқушыларын ортага бейімдеу, өзін-өзі басқара білуге үйрету әлі күнге дейін жалғасуда. Бастаудың сынып оқушыларының арасында өз бетімен әжетханага бара алмайтындар саны көбейді. Сол себепті кейбір оқушылар үйден (жеке) оқытуға ауыстырылды. Атап айтатын болсақ 1 сынып оқушысы Есенқұл Бекарыс және осы сыныптағы Дүйсенбай Бейбарыс (атипичный аутизм) өзін-өзі басқаруы қын болғандықтан, ПМПК комиссиясына ұсынылып жатыр. Ал, үйден оқытын 4 сынып оқушысы Хасанова Аймира 26.11 бастап мектепке оқуға ауыстырылды. Зынып оқушысы Таджихан Р. және би сынып оқушысы Алпысбай Рамазан әлі қашықтан оқып білім алуша. Отбасы жағдайларына байланысты қыркүйек айында Ақтөбе қаласына

көшіп кеткен Оралбаев Ақсұңқар 23.12 -нен бастап қайтадан мектепке қабылданды.

3. Былғы 5 сынып оқушыларының бейімділігі туралы сынып жетекші Нұрқасынова Қамақтай сөз сөйлеп, сыныбындағы оқушылардың жағдайларына жалпылама тоқталып өтті. Ол сыныпта орташа және жеңіл түрдегі ақауы бар оқушылар оқиды. Олардың бірден үйренісіп кетуі әрине оңай емес, созан қарамастан пән мұғалімдері бар мүмкіндігінше үйретуге тырысып базуда.

4. Был Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай біршама мұғалімдерді марарапатқа ұсындық . Еңбек өтілі аз болса да, сіңірген еңбегі көп мұғалімдер көбіне еленбей қалады. Сол мақсатта мына мұғалімдер Облыстық білім Басқармасының «Алғыс хаты » мен « Құрмет грамотысына » ұсынылсын. Олар :

1. Рахышева З - бастауыш сынып мұғалімі
2. Джалгасбаева У - Орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
3. Сұлтан А. - Элеуметтік педагог
4. Тиркешова М - психолог
5. Сулейманова А - ДТЖО

5. Мектеп журналы әдеттегідей «Мектеп EDUS» форматында жалғасты. Жауапты мамандар жыл басында енгізілген талаптарға сай унемі бақылап, мұғалімдердің журнал толтыруын қадағалап отырды. Пән мұғалімдері де былтырғыдай емес, был « Мектеп EDUS» жақсы менгергендерін көрсете білді.


6. Қараша айының аяғында бастауыш сынып мұғалімдері Сатыбалдиева Талшын мен Сақтағанова Аджарбике тест тапсырып, «модератор» санатына өтті. Тиісті құжаттар жасалып, қолхат жасақталды.


Қаулы:

1. Тәрбие және оқу процесі унемі бақылауда болсын, мұғалімдердің жыл басында бекіткен жоспарларына сай жұмыстар уақытында атқарылсын.
2. Марарапатқа ұсынған мұғалімдердің партфолиосы қаралып, тиісті құжаттар жасақталсын.
3. Тесттен откен мұғалімдердің құжаттары талапқа сай жасақталсын.

Педкеңес төрдігімі: А.У Джумагазиева

Хатыны: А.К Тулебаева







*Мектеп, ата-ана, окушы  
арасындағы байланыс  
(Баяндама)*

*2021-2022 оку жылты*

## «Мектеп, ата-ана, окушы арасындағы байланыс»

Армысыздар, құрметті жиынга қатысушы ата-аналар!

Қазақстан Республикасының егеменді ел болуы жас үрпақтың жан- жақты дамуын, дүние жүзілік алдыңғы қатардағы ақыл –ой мен тәжірибелі өскелең өмір талабына жеткізуін, халқымыздың көп жылдар бойы тұншығып келген тілін, мәдениетін, тәлім- тәрбиесін жаңартуды талап етеді. Бұғынгі таңда білімнің мемлекеттік стандартына сәйкес республика мектептерінде білім беру мен тәрбиенің мазмұнын түбесейлі жаңарту қажеттілігі туындауда. Оның басты себебі республика өзінің тәуелсіздігіне ие болған жағдайда экономикалық, экологиялық, этномәдени ерекшеліктерін ескере отырыш, жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісін кайта құрулдың аса қажеттілігі пайда болды.

«Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадагалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын үйретіп, кеңінен насиҳаттау көзделген. Адамдар тұлға болыш, өзәндәк жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаның қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Жеке тұлғаның ерекшеоігі- ол оның өзіне тән мінез- құлқындағы, іс- әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланады.





Тәрбиленуші өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Үстаз бір елдің болашағы үшін жасайтын киелі мамандық иесі. Оның парасатты жүріс –тұрысы, сөйлеу мәдениеті, ішкі жан дүниесі, киім киісі- бәрі баланың назарынан тыс қалмайды» деген. Ендеше сол бір жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін де соны тәрбие жинақталып, белгілі бір жұмыс жүйесі қалыптасу керек. «Аамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім –ол адамзаттың қас жауы, ол келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбунасыр әл Фараби. Сапалы білім алмайтын, тәрбие қонбайтын адам жок. Бірақ сол адамды адам етіп тәрбиелеу кімнің қолында деген сұраптарға жауап берудің өзі ойландырады. Бала тәрбиесінде отбасының рөлі көп жағдайда жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастармен анықталады. Ол ата-аналар мен мектептің және қоғамның арасындағы нарықтық еңбек қатынасы жағдайында қалыптасады. Нарықтық қарым-қатынас ата- аналардың отбасындағы бала тәрбиесіне деген жауапкершілік сезімін біртабан бәсендеткені байқалады. Соңғы кездері мектеп пен ата- аналардың байланысы да күрт тәмендеп кетті. Олай дейтінім отбасында берілген тәрбие мен мектептегі берілген тәрбиенің арасында байланыс жоқ сияқты. Яғни бала, мектеп, ата-ана арасында байланыс жоқ деген сөз. Бала –біздің болашағымыз, өзімізді жалғастырап үрпағымыз. «Баланы бастан» дейді халық. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ата-ана, мектеп, қоғам ынтымақтастырын ойласқанымыз жөн. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әр әсері мол. Қазіргі жас балың бала- ертеңгі күні еліміздің саналы азаматы. «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мән- маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» дейді. Ендеше бала тәрбиесінде назардан тыс түспейтін ең маңызды да өзекті мәселе. Баланың бойындағы жағымсыз жат әрекеттер байқалғаннан ақ ата-ана, мектептың салып, дұрыс жолға бағыттау олардың бойына адамгершілік, кішілік, әдептілік, ізгілік қасиеттерін дарыту керек. Мектеп қабырғасында окушы 6 сағат сабак оқып, 2 сағат үйрімеге қатысатын болса, қалған 16 сағаты үйінде, болмаса ата-ананың тәрбиесінде деген сөз. Сол 16 сағатта өз баласына ақыл айтыш, мағаналы әңгіме, сабағына қарап, оң тәрбие беретін ата-аналарымыз азайыш бара жатыр. Бұл сөзімді дәлелдей өтейін. Мұғалімнің жайы белгілі. Саяси науқан, көше тазалау, тағы тағылары мұғалімнің мойнында. Сол жаңағы айтқан баланы тұнде көшпе аралап үйіне тарату да сол мұғалімнің мойнында. Неге? Өйткені ол балаға мұғалім не сынып жетекшісі жауап беруі керек. Ал сол баланы дүниеге әкеліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмаймын дейтін ата-аналарымыз қайда? Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы

өзінің «Абай» журналына жарияланған «Тәрбие» атты мақаласында бытады деген : «Тәрбисте әсер беретін нарасе оскен орта, ата-анашың тәрбисі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара әсерлер адамды замандас, жолдастың азғырып не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі. Тәрбисте туган жұрттың тілі, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымылық көрген жасқыншық болмак, ашық қоцілді, сауықтыл ел-жұрттың баласы да сондай болмаң»

Мектепте оқулан тыс уақытта оқушының таңдауына сәйкес келетін, олардың қабілеті мен ішкі қажеттілігін қамтамасыз еттін іс-әрекеттерді үйымдастыру көзделеді. Соған сай олардың қабілетін ашуға мүмкіндік тұтынудың спорт, деңе сибеті, қолөнер, коркемонер, «Аулалық клубтар » т.б. іс-әрекетке үйрету үйірмелері мен секциялар үйымдастырылада. Әр оқушы кез- келген үйірмелері мен секцияларға, клубка оз жүргінің калауымен катысЫп, өзінің жеке басына тән керекті қасиеттерді үйренуге мүмкіндік алады. Мектептегі тәрбие жұмысы елдегі барлық қогамдық үйымдар, бірлестіктер, түрлі клубтармен бірлесіп жүргізгенде гана нотижелі болатыны белгілі. Оқішікке орай осындаи үйымдар, яғни аксақалдар кенесі , ата-аналар комитеті, әйілдер кенесі т.б. клубтардың жұмысы қозғе корінбей келеді. Егер осы үйымдардың жұмыстары жанданып отыrsa , тәрбие жүйесінде елдегі еп жогары, еп керек ақылшы үйым ретінде бағаланары сөзсіз. Казірті таңда сліміздегі тұракты дамудың стратегиялық бағыттарының қарқындылығы, қогамның желел саясаттануы мен ашыстығы , ақпараттанудың пәрменділігі білім берудің философиялық негіздеріне , білім алдында білім берудің философиялық негіздеріне , білім жүйесінің мақсаты мен мазмұнына, оны жүзеге асырудың әдіс -тәсілдеріне деген жаңаша қозқарастар

Білім беру мекемелері мен педагогтар алдына жалпы адамзаттың құндылықтары мен үлттық рухани мұраларды игерген , білімділігі мен қабілет- қарымы арқылы әлемдік кеңістіктен өзінсі тиесілі орын алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті койылып отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өз жолдауындағы «Үлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік , тәрбиелік деңгейімен аныкталады» деген сөзі білім берудің үлттық моделіне көшкен білім беру мекемелерінің ,әрбір педагогтың мақсат- муратына, жол басшысына айналары сөзсіз.

КР- ның әлемдік білім беру кеңістігіне енүі үшін педагогтар қауымы өз бойындағы күш -жігерін оқушыларға сапалы білім, үлгілі тәрбие беруде аяマイды деп сенемін. Тәрбиелі бала, баланың болашагы деп шырылдайтын ата- ана, қогамның өз деңгейінде жүруіне әсер ете алатын ардагерлер кенесі, әйілдер кенесі т.б. жұмысы жандана берсін.





16:09

FF

Защищено сквозным шифрованием

VoIP 4G LTE2 4G





**2021 - 2022 оқу жылы.**

**Педкеңестің № 2 хаттамасы.**

**Педкеңес өткізілген күн : 11.01.2022 ж**

**Катысқан мұғалімдер : 25 мұғалім**

1. Баяндама: «Оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттіліктің бар балаларды әлеуметтік қорғау» Әлеуметтік педагог – Сұлтан А.
2. I-II ші тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысына сараптама.
3. Бірлестік апталығын өткізу жоспарын бекіту.
4. Ағымдағы мәселелер.

Педкеңестің алғашқы сөзін мектеп директоры А.У Джумагазиева бастады. Ол барлық ұстаздарды жаңа тоқсанның басталуымен құттықтап, облысымызда болып жатқан төтенше жағдайға тоқталып өтті. Осы жағдайға байланысты ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстану және облыс көлемінде болып жатырган жағдайларға немісқұрайлы қарамау керектігін ескертті. Қазіргі таңда қысқы демалыстың 17.01 дейін ұзартылғанын, ал мұғалімдер толықтай штаттық режимде жұмыс жасайтынын қосымша айтып өтті.

1. Әлеуметтік педагог - Сұлтан Айнұр өз баяндамасында мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталып өтті. Қазіргі таңда мектепке қабылданған оқушылар саны – 146, оның 104 – мектепте, ал 42/i оқушы үйден (жеке) оқытылып жатыр. Әлеуметтік жағдайы тәмен оқушылар саны - 97, көп балалы -41, жартылай жетім -6, ал мүгедектік анықтама алатын оқушы саны – 100. Әрбір округтегі оқушыларды сол жердегі әкімшілік үнемі назарға алып, көмек көрсетіп отырды . Жылдагы Президент шыршасына 146 оқушының ішінен әлеуметтік жағдайы тәмен - 5 оқушы алынды және сол оқушыларға жаңа-жылдық сыйлық + 100 мың ақшалай ( әр оқушының ата-анасының банкоматына аударылды) берілді.
2. Екінші мәселе бойынша , ОІМ - Тулебаева А.К мен ДТЖО – Сулейманова А сөз сәйлеп , оқу және тәрбие жұмыстарының жүргізілуіне тоқталып өтті. Оқу процесіне тоқталатын болсақ мектептегі білім алушылардың білім сапасы қанагаттанарлық деңгейде , екпінділер қатарында санаулы оқушылар бар. Олар 4 сыныпта : Жолдас Нұрдәulet және Қалиев Нұрдәulet. Бұл оқушылардың оқу үлгерімі басқа оқушыларға қараганда біршама жақсы, оны басқа да пән мұғалімдері расстан отыр, оларды біз де , ескерусіз қалдырып отырган жоқтыз. ПМПК комиссиясына ұсынбақшы болғанда

Жолдас Нұрдаuletтің тұжырымындағы қойылған диагнозы кедегі екенін сөзертті. Бының тағы бір жайсыз қалдыраған парсे ЗПР сыныбындағы үш оқушының жесіл түрдеңі ақыл-есінің дамуы қалыптаспаған деңгейге түсіп қалғандығы. Сол себепті ата-аналармен біршама түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Екі тоқсан аяқталғанша отбасы жағдайларына байланысты үш оқушы қашықтан оқытылды. Олар: Алтысбай Рамазан (6 сынып) – басқа жаңқа қоныс аударуына байланысты, Таджихан Рафхат (3 сынып) – денсаулығына байланысты. Осы аталған оқушыларды негізгі пән мұгалімдері қашықтан оқытты. Келесі III-ші тоқсанда бұл оқушылардың жағдайы реттелетін болады деген ойдамыз.

И ші тоқсанда 2 және 4 сыныпқа оқушы қабылданды. Ал, 4 оқушы әртүрлі себептермен Есенқұл Бекарыс мектептен – үйге, Хасанова Аймира үйден – мектепке, Мырза Бекнұр мектептен – үйге, Бектұрған Ясмина мектептен – үйге ауыстырылды.

ДТЖО Сулейманова оқу жылышын қабылданғанда бастап атқарылған негізгі шараларға жалпылама тоқталып өтті. Был атаулы күндер өте көп, сол себепті, бұл күндерді сынып жетекші де, мұгалім де атап өтуге өз үлесін қости. Атап айтатын болсақ Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай бірнеше тәрбиелік шаралар өтсе, ІІ Алтынсариннің 180 жылдығы мен А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай жоғары сыныптарда ашық сабактар өтті.

3. Бірлестік апталығын өткізу быил да қаңтар айына жоспарлануда. Барлық бірлестік жетекшілері жылдағыдай жеребе таңдал өз апта күндерін белгіледі. Эр бірлестік жетекшісі өзінің осы кезеңге дейінгі атқарған жұмыстарына қысқаша тоқталып өтті. Бастауыш сынып бірлестігінің құрамындағы екі мұгалім тест тапсырып, «модератор» санатына өтті.

4. Педкеңес соңында ОІМ Тулебаева алдағы атқарылатын жоспарларға тоқталды. Оқу және тәрбие жұмыстары осы кезеңге дейін жоспарға сай атқарылып келді. Осы бағытта алдымызда атқарылар жұмыстар өте көп, сол жұмыстар белгіленген уақытта атқарылады деген ойдамыз.

Қаулы:

- Оқу-тәрбие жұмысы уақытында атқарылсын, бұл жұмыстардың дұрыс қарқында жүргізілуін ОІМ А. Калдыбаевна мен ДТЖО А. Сулейманова қадағаласын;
- Ағымдағы міндеттер ескерілсін.

Педкеңес тәраймы: А.У. Джумагазиева

А

Хатыны: А.К. Тулебаева



**«№ 3 арнайы мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# **Баяндама**

**Тақырыбы: «Оқыту мен тәрбиелеуде ерекше  
қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік қорғау»**

**Орындаған:  
әлеуметтік педагог Султан А**

*Дәүлет ауылы*

Адамның ең маңызды игілігі – жеке басының бостандығы мен құқықтары болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық-құқықтық жарықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы Заңның 4 Тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де занды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15 бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті.

«Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуды мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда тольк құқылы өмір сұруін қамтамасыздандыру мазмұны 23 бапта белгіленген.

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды тен құқылы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету туралы стандартты ережелер» (БҰҰ), мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалышты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тен құқылы екені айтылған. Бұл құқықтық құжатта мүмкіндіктерінің түріне қарай мемлекетімізде арнайы стратегиялар, ақпараттық қызмет пен қол жетімді құжаттарды әзірлеудің қажеттілігі жайлы бекітілген.

Қазіргі кезеңде еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрды. Үкіметіміздің мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиленетін және ешқандай бағдарламамен окуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда әлеуметтік қызметкердің міндеті кеміс балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым - қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласуына жағдай туғызу.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Ауытқушылығы бар баланың отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, күйзеліске тап болады. Ата-аналарының қоршаган ортамен қарым-қатынасы үзіледі, қатынас аясы тек туыстары, дәрігер, мұғалімдермен ғана шектеледі. Баланың мінез-құлқы, тәртібіндегі өзгерістер ата-ананың күткеніндей, ойындағында болмай, ата-анаға қайғы мен мазасыздық жағдайын әкеледі. Сол себепті отбасындағы өзара қарым-қатынастар бұзылады, әрі қиындыққа тіреледі. Тіпті кей жағдайда отбасының бұзылуына (ажырасуға дейін) әкеледі. Сондықтан мұндай балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет.



Әлеуметтік педагог қызметінде профилактикалық бағытты ерекше атап өткен жөн. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары және оқушылар мен мектепке әсер ететін көптеген әлеуметтік факторларды үйлестіре отырып, әлеуметтік педагог ұжымда туындастын күкілжіндерді реттеп, оқушылардың әртүрлі жасерекшелік

топтарымен болатын жағдайлардың алдын алу шараларын үйімдастырады. Әлеуметтік педагог іс-әрекетіндегі құқықтық болім ең маңызды болып табылады, ойткені мұнда интернат педагогтары мен оқушыларының құқықтық ағартушылық міндеттері, сонымен бірге полиция мен сот органдарындағы тәрбиеленушілердің мудделерінің оқілдіктері міндеттері біріктіріледі. Мұнда әлеуметтік педагог міндетіне баланың заңды беделінің ақпараттары мен құжаттарын жинау бойынша жұмыс жатады, яғни, ата-аналарын, туыстарын іздестіру, қамқор болушы адамның құжаттарын дайындау, бітіруші тұлектердің тұрғын үй алуы үшін құжаттарын дайындау және т.б жатады.


Әлеуметтік педагог арнағы (түзету) мектебінде жұмыс жүргізу арқылы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық, дene жағдайы, ақыл-ой дамуымен байланысты күрделі мәселелерді шешуге және балалардың сәтті турде әлеуметтенуіне мүмкіндік берे отырып, оларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Әрине, қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу барысында шешімін таптаған мәселер жеткілікті. Соның алдын алу жолдарын анықтау үшін тәжірибе алмасу жұмыстары жүзеге асырылуы керек.

Егер әлеуметтік педагогикалық үрдісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашкы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттең, талдай алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтік мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осы жағдайда гана әлеуметтік педагогикалық үрдісін дұрыс үйімдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбеккор жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкін болар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіншілігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік менгеру керек.

Әлеуметтік бейімдеудегі, тәрбиелеудегі кемпіліктерді жену үшін ата- аналар мен бірігіп арнағы түзету жұмыстарын үйімдастыру қажет және оны негұрлым ерте бастаса соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.



Педагогикалық кеңес отырысы. 11.01.2022ж






Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мұғалімдерді марапаттау



Окүшіларға Президент шыршасының сыйлықтарын табыстау





2021 - 2022 оқу жылы,

Педкесеңстің № 4 хаттамасы.

Педкесең откізілген күн : 25.03.2022 ж

Катысқан мұғалімдер : 33 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. Баяндама : «Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуы»  
Логопед – Аккулова Р.Т

2. Мұғалімдерді аттестаттау қортындысы туралы.  
ДТЖО Сулейманова АХ

3. Былғы бірлестік апталығының жұмысы туралы .  
Бірлестік жетекшілері

4. Сәуір айында откізілетін ПМПК комиссиясына дайындық туралы.  
Психолог - Джасалбаева У

5. Былғы мектеп бітірушілердің тапсыратын емтиханы туралы  
III / ші тоқсанды қортындылау. ОІМ - Тулебаева А.К

1. Отрыстың алғашқы сөзін Логопед Раҳия Тубировна «Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуы» атты баяндамасын оқумен бастады. Сөз соңында былғы мұғалімдердің жетістіктітеріне де тоқталып өтті. Атап айтатын болсақ , 8 - Наурыз Халықаралық Эйелдер мерекесіне орай Дәulet ауылдық округінің әкімі Нұрберді Беков мырза мектептегі бірнеше мұғалімдерді қогамның дамуина қосқан үлестері үшін «Алғыс хатпен » марапаттады.

2. Былғы оқу жылында тек екі мұғалім ғана тест тапсырып , «Педагог – модератор» санатына өтті. Жалпы қазіргі таңда мұғалімдерді аттестаттау « eGov kz » жүйесі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бірақ ол жүйе әлі вазага енбегендіктен әзірше мектеп ішінен тиісті құжаттарын жинақтап тапсырып отыр. Ал , қалған « Педагог- саратышы » , « Педагог – зерттеуші » санатына қабылданғандар құжаттарын ОББ / на тапсыратыны туралы ескертілді. Осы және басқа да өзгерістер туралы ДТЖО Алмагұл Халдыбайқызы нақты ақпарат берді.

3. Был 24.01 – 5.03 аралығында «Пәндер апталығы» болып өтті. Бұл апталыққа барлық бірлестік жетекшілері өте жақсы деңгейде атсалысты. Ұзақ мерзімде қашықтан оқытудан шыққасын ба , мұғалімдер де мектепті сағынып қалған , барлығы өздерінің ашиқ сабактарына жсан – жақты дайындалып , өзгеши деңгейде откізуге тырысты. Әрбір апталық

өзінше бір тапқырлығымен көзге түсті. Әсіресе «Сынып жетекшілер сыйысы» ерекше өтті, әрбір жетекші өздерін басқа қырынан корсетуге тырысты.


Барлық бірлестік жетекшілері өздерінің бірлестіктегі жетістікттеріне тоқталып, откізген апталықтары туралы қысқаша айтып отті.

4. Казіргі таңда үйден (жеке) оқитын оқушылар саны – 42 оқушы. Сол оқушыларды был ПМПК комиссиясынан откізу жоспарлануда. Ал мектепте оқитын оқушылардан был комиссияга баратын оқушылар жоқ. Осы оқушылар уақытында ВКК анықтамасын алғып, айтылған уақытта комиссиядан өтуі тиіс. Оқушылардың мінездемесі толықтай қатесіз жазылып, басқа да тиісті құжаттар уақытында дайын болуы керек, сол себепті әрбір оқушының жауапты жетекшиісі де ат салысуы керек.
5. Был иектептен 12 оқушы 9 сыныпты бітіреді, оның 2-үі үйден (жеке) оқитын оқушылар. Жылдағыдай 10 оқушы еңбек пәнінен ауызша емтихан тапсырады. Пән бойынша емтихан алушы мұғалімдер билет сұрақтарын жасақтап, дайындағыздар. Сонымен кезекті 3/ші тоқсанды да аяқтадық. «Мектеп EDVS» форматындағы электронды журналдың орындалысы бір қалыпты. Оның уақытында орындалуын жауапты маман қадағалап отыр. Казіргі таңда барлық бала саны – 146, оның 42/сі - үйден ((жеке) оқитын оқушылар, мектепте – 104 оқушы. Оқу екі ауысымда жүзеге асырылуда. Тасымал жақсы деңгейде, күн сайын автобуста кезекші мұғалім болады. Тым шектен тыс бұзақы оқушылар жоқ. Дегенмен мектепшілік есепте тұрған оқушылар бар, оларға дер кезінде ескерту беріліп, тиісті шараптар қолданып отырмыз. Алда атқарылар жұмыстар көп, кезекті емтиханда келе жатыр соған дайындық жүргізілуде. Был 12 оқушы 9 сыныпты бітіреді. Оның 2/үі үйден (жеке) оқитындар.

Қаулы:

1. «Мектеп еду» жұмысының қадағаланып отыруын, жауапты маман А.Х Сулеймановага тапсырам.
2. Алдағы емтиханга дайындық уақытында басталып, талапқа сай өткізілсін.

Педкеңес төрайымы: А.У Джумагазиева  
Хатыны: А.К Тұлебаева





Педкеңестің IV - ші отырысы.





№ 3 арийы мектеп

## Баяндама

Такырыбы: «Мұғалімнің көсіби қалыптасуы мен дамуы»

Логопед маманы: Ақкулова Р

2021-2022 оқу жылы

## «Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуы»

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғандаға мұғалім, окуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады, – К. Д. Ушинский. Адам баласы қандай мамандық иесі болмасын, қандай да бір жерде жұмыс атқармасын өзінің кәсібінің майталманы болуы керек, ал маманының майталманы болу үшін не керек? Әуелі, еңбек керек, ізденіс керек, өзін-өзі жан жакты адам ретінде, тұлға ретінде дамытуға деген талпыныс керек.

Мектептің жаны, мектептің жүргегі – мұғалім деп айтып та, естіп те жатамыз. Ахмет Байтұрсыновтың «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алғы шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген сөзінде қашама ой, қашама түйін жатыр. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандыктардың ішінде білімділікті, кәсібилікті, тәрбиелілік пен шеберлікті аса жақет ететін мамандықтың бірден-бірі – мұғалім мамандығы.

Қоғамымыздың болашағы, дұрыс бағытта дамуы жас үрпақтың іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне, сана-сезіміне, дүниетанымына тікелей байланысты. Соңыктан да үрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі кезек күттірмейтін, егеменді еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті шешу педагогтың еншісінде. Олай болса, қоғам педагогқа үлкен үміт артып, ел тағдырын сеніп тапсырып отыр және одан жоғары жауапкершілікті талап етеді. Осындай күрделі мәселенің шешімін табу жолында педагогика ғылыминың көптеген ғалымдары талмай ізденіп, зерттеулер жүргізіп, өз кезегінде білім беру саласына жаңалықтар мен өзгерістер енгізуде. Ал педагогтар болса, өз педагогикалық іс-әрекетінде сол жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, әдістәсілдерді жете ұғынып, тәжірибеде ұтымды қолдана білулері керек.

Кәсіbilіk – ұстаздың психолого-педагогикалық, ғылыми-пәндей білім-біліктің мәдени-адамгершілік ұстанымдарынан үйлесудің жоғары деңгейі. Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, жалпы және арнайы эрудицияның болуы, ғылыми-кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс-әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғам жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді. Міне, соңыктан да, қазіргі педагог білім беру үрдісін үйимдастырудың көпқырлылығы туралы білуі шарт.

Педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы менгерген болуы қажет. Сонымен қатар, қазіргі кезде мұғалімге деген дәстүрлі көзқарастар өзгерді. Кез келген педагог кәсіби және тұлғалық өсудің

бірден бір жолы – кәсіби өзін–өзі жетілдіру екенін түсінген дұрыс. Үстаздың жеке ғұлғалық қасиеттері педагогикалық іс-әрекеттің ішкі мазмұнын құрап, шебер-ұстаз болып қалыптасуға аса қажет. Қазіргі таңдағы көптеген педагогтар өзінің кәсіби жетілуіне көп мән бермейді. Оны әртүрлі жағдайлармен байланыстырып жатады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткен қоғамымыздың шешімін күтіп тұрған мәселелер ешқандай сын көтермейді.

Егер педагог өзінің жалпы педагогикалық біліміндегі, өзі оқытатын ғылым негізі бойынша біліміндегі кемшілік тұстарын байқамаса, өз педагогикалық құралының жеткіліксіздігін көрмесе, оның кәсіби өзін–өзі жетілдіруі мен өзін–өзі тәрбислеуі тіптен мүмкін емес деп айтуда болады. Өзін–өзі кәсіби жетілдіру мен дамытуға кіріспес бұрын, педагог өз іс-әрекетінің қандай да бір өткен кезеңіне талдау корытындыларын жасап отыруы керек. Сонымен қатар өз іс-әрекетін жаксартуға байланысты жасалған қызметтес адамдардың нұскауларын ескеруі қажет. Кәсіби іс-әрекетінде нақты жетістіктерге жете білген педагогтардың тәжірибесіне сүйенсек, кәсіби өзін–өзі жетілдіруді өзінің педагогикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктердің себеп–салдарларын терен талдаудан бастау қажет екендігіне көзіміз жетеді. Өз әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін талдай отырып, оқытушы рефлексия жасайды. Кәсіби сана–сезім өзін–өзі тану негізінде қалыптасады. Осының нәтижесінде педагог білім беру үрдісінің занылыштарын түсініп, педагогикалық шеберлікке бір адым болса да жақындай түседі.

Он тоғызыншы ғасырдың ұлы неміс ғалымы, педагог Адольф Дильтервег педагогтардың білімі мен тәрбиесіне үлкен мән берген. Оның осы мәселе бойынша жарық көрген енбектері де бар. Ол: «Педагог өз тәрбиесі мен білімін жетілдіру бойынша жұмыс жасап жүрген кезде ғана басқаларды шынайы тәрбиелейді және білімдендіреді» деп салмақты ой тастаған еді. Үйренбейтін, оқымайтын, ғылыми жетістіктерді құнделікті біліп отырмайтын педагог артта қалады деу аз болады: ол артқа тартып, оку мекемесінің алдында тұрған міндеттерді шешуді қыыннатады, педагогикалық ұжымның жалпы қозғалысына кедергі келтіреді. Ұлы орыс педагогы Константин Дмитриевич Ушинский мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетін жан–жақты зерттегендердің бірі.

Ол былай деген еді: «Мұғалім өзі үйреніп, оқып жүргенде ғана өмір сүреді». Бұдан өз кәсібілігін жетілдіру мақсатында үнемі оқып, үйреніп отыратын мұғалім ғана өз іс-әрекетінен ләzzат алып, өмір сүре алады дегенді ұғынуға болады. Егер кәсіби сана–сезім іске деген жағымды эмоционалды қарым-қатынаспен, өз енбек саласына деген мақтаныш сезімімен ажарланса, бұл іс үшін де, адамның өзі үшін де онтайлы болады. Осындай ой тастаған ғалымдардың бірі Д.С. Лихачев: «Оқып, үйрену әрқашан керек. Барлық ұлы ғалымдар өмірлерінің сонына дейін оқытып ғана қойған жоқ, өздері де оқыды. Окуды тоқтатсан – басқаларды оқыта алмайсың. Білім күннен күнге өседі және қынданай береді» деп бекер айтпаған.

Педагогтың өзін–өзі бағалаудың қалыптастырудың басты тәсілі – ол, өзінің нәтижелерін тұлға және педагог әрекетінің идеалымен салыстыра өлшеу. Мұндай жұмысты ерте, әу бастан бастаған дұрыс. Кәсіби идеалды

қалыптастырудың ең жеңіл, әрі тиімді тәсілі өзін-өзі білімдендіретін арнағы әдебиеттерді оку, өзінің идеал педагогын табу мақсатында ұлы педагогтардың өмірімен және шығармашылықтарымен танысу. Бұл – оның өзін-өзі тәрбиелеудің тиімділігінің басты шарты. Бұл орайда үлгі боларлық идеал образын тапқан дұрыс. Л.Н.Толстой мынандай ережелерді орындау өте маңызды деп санаған: «Белгіленгенде, ешқандай сұлтаусыз міндепті турде орындау. Орындаған екенсін, оны жақсы деңгейде орында. Кітапқа түртіп қоюдың орнына өзің жадында сакта, еске түсір, сөйтіп, ақыл-есінді үнемі мүмкіндігінше жаттықтырып отыр».

Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінің сыртқы факторының біріне педагогикалық ұжымды жатқызуға болады. Егер педагог қызметтестері шығармашылық ізденіске жоғары назар аударып, оның тапқырлығына, жаңалықтарына шынайы куанатын, педагогтың кәсіби жоғарылауын қалайтын педагогикалық ортаға түссе, кәсіби идеалдың талаптарына сәйкестенуге тырысады. Ал керісінше, педагогтар арасында ұжымшылдық жоқ болса, шығармашылық ізденіске немікүрайлы қараса, өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік жоғалады.

Осындағы құбылыс оку орнының жетекшілеріне де байланысты. Педагогтың өзін-өзі білімденуі мен өзін-өзі жетілдіруіне деген қажеттіліктің болуы тікелей басшылыққа қатысты. Егер басшылар педагогтың жеткен жетістіктеріне шынайы қуаныш, оны қолдап, ынталандыrsa, педагог тағы өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі арта түседі. Келесі бір маңызды фактор – ол, уақыт. Ол педагогқа көркем әдебиетті, аралық басылымдарды оку, мұражайларға, театр мен көрмелерге бару, танымдық фильмдер мен телебағдарламаларды көру және арнағы, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оку үшін қажет. Ол фактордың тиімді жүзеге асуы тікелей педагогтың өзіне байланысты. Егер педагог күн тәртібін ұтымды жоспарлай білсе, уақытты үнемді пайдаланса, өзін-өзі білімдендіру үрдісін дамыта алады.

Педагог өз жұмысын, өзінің нәтижелерін талдай отырып, педагогикалық жетістіктерін жалпылай және жүйелеп, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалап және қыншылықтарды жену тәсілдерін көре білуі керек, сонымен қатар одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тырысуы қажет. Өз-өзімізді кәсіби дамыту да, тәрбиелеп жетілдіру де өз қолымызда. Алдымызда қол жеткізетін – мақсат, іске асыра алатын – мүмкіндік те, жағдай да бар. Тек осыны дұрыс жолға салып, биік шындардан көрініп, жетістіктерге жеткізетін жастарымыз көбейе берсін.

2021 - 2022 оқу жылты.

Педкеңестің № 5 хаттамасы.

Педкеңес откізілген күн: 20. 05. 2022

Катысқан мұғалімдер: 35 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: « Білім - өмір шырағы » Тәлімгер - Нұрадин Салтанат
2. Оқу жылының аяқталуы туралы ОІМ – Тулебаева А.К
- a) оқу жылын аяқтау туралы нұсқаулықты талдау
- б) емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көширу туралы
3. Педаг. үжымның 2021 -2022 оқу жылындағы жұмыстарын талдау және жеке мұғалімдердің жетістіктерін бағалау.
4. Мектеп әкімшілігінің екінші жарты жылдықта атқарған жұмыстарының есебі
5. Мұғалімдерді марапатқа ұсыну.

Психолог - Джалгабаева У

Логопед - Аккулова Р

ДТЖО - Сулейманова А.

5. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне сәйкес 2022-2023 оқу жылына қойылатын міндеттер мен талаптар.

1. Педкеңестің алғашқы сөзін мектеп тәлімгері Нұрадин Салтанат өзінің « Білім – өмір шырағы» атты баяндамасымен ашты, Биылғы оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы айтЫП , өзінің қысқаша есебіне тоқталып өтті.
2. Келесі сөз кезегі ОІМ Тулебаева А.К берілді. Ол өз сөзінде биылғы жасалынған жұмыстарға терең тоқталды. Жыл басында оқушылар саны 137 болды, оның 37-і үйден ( жеке) оқитын оқушылар болды. Ал, жыл соңында оқу жылын 145 оқушымен аяқтадық. Оның ішінде :

1 сынып: мектепте-9, үйде -5, барлығы – 14 оқушы

2 сынып : мектепте - 11, үйде - 6 , барлығы - 17 оқушы

3 сынып: мектепте -10 , үйде – 4, барлығы -14 оқушы

4 сынып : мектепте -16, үйде – 5, барлығы – 21 оқушы

5 сынып : мектепте -13, үйде -6 , барлығы – 19 оқушы

6 сынып : мектепте -8, үйде - 5, барлығы – 13 оқушы

7 сынып : мектепте -10, үйде – 6, барлығы – 16 оқушы

8 сынып : мектепте – 16, үйде – 4, барлығы – 20 оқушы

9 сынып : мектепте - 10, үйде -2, барлығы – 12 оқушы.

Жалпы оқу сапасына тоқталатын болсақ, орташа деңгейде, толық төртке улгеріп отырған оқушылар саны өте аз. Был әсіресе бастауыш сыныптың оқушылары өте қын болды. Сөзан қарамастан мамандар топтық және жеке жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың бойындағы кемшиліктерін түзетуге бар ынтасын салды. Былғы ПМПК комиссиясы сәуір айында болды. ПМПК-ның тұжырымдамасымен 11 оқушы үйден (жеке) оқытудан, мектепке аудистырылды. Олар :

1. Аққали Нұртай 9 сыныпқа
2. Оразалы Жандос 9 сыныпқа
3. Сапарова Амина 4 сыныпқа
4. Аллақұлы Қарас 7 сыныпқа
5. Қази Иманғали 2 сыныпқа
6. Тілеген Ернар 8 сыныпқа
7. Есенкул Бекарыс 2 сыныпқа
8. Есқали Әсел 9 сыныпқа
9. Игdir Нұртас 7 сыныпқа
10. Асанов Бекжан 6 сыныпқа
11. Дурдыбай Жарас 9сыныпқа

Был мектебімізден 12 оқушы 9 сыныпты бітірмекші. Олар еңбек пәнінен емтихан тапсырады. Емтихан кестесі сәуірдің аяғында жасақталып, тиісті сұрақтарын дайындау басталып кетті. Емтихан алушы мұғалімдер мен ассисенттер бекітілді. Емтиханга дайындық былғы кесте бойынша 26.05.2022 ж тәңертең сағ.9.00 де басталады. Емтихан 27.06. күні сағат 9.00 /де басталатыны туралы ескертілді. Оқушылар уақытынан кеш қалмай келу керектігін қатаң бақылауды тапсырдық.

3. Мектеп мұғалімдерінің былғы алған марағаттарына тоқталатын болсақ, 2021 жылдың қараша айында бірнеше мұғалім Маңыстау Облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» марағатталды. Олар :

/ Джалгабаева Улмекен - орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.

Рахышева Зулфия – бастауыш сынып мұғалімі

/ 2022 жылдың наурыз айында Даulet ауылдық округінің «Алғыс хаты»:

Мунгалова Мувада – орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сатыбалдиева Талшын – бастауыш сынып мұғалімі

2022 жыл мамыр :

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподагының Маңыстау облыстық үйімі» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасымен :

Тұлебаева А.К – директордың оқу- ісінің менгерушісі

Каиназарова А - география пәнінің мұғалімі

Сактағанова А – бастауыш сынып мұғалімі

Түгелбаева С – қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Найзагараев Ә - дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Марапаттарыңыз құтты болсын. Бұдан да жсөгары белестерді базындыруларыңызға тілектеспін.

4. Мектеп әкімшілігі тарапынан психолог, дефектолог және логопед мамандары сөз сөйлем, өздерінің жыл бойы жасаған жұмыстарын қортындылаپ, нәтижелеріне тоқталып өтті.
5. Былғы оқу жылышында « Білім күніне » орай бірнеше мұғалім өздерінің жеткен жетістіктеріне қарай мараптқа ұсынылды.

Педкеңес соңында мектеп басшылары мұғалімдердің сұрақтарына жауап беріп, келесі жылы қандай жұмыстарға аса назар аудару керектігі туралы ескертілді.


Қаулы:


Жыл аяғында барлық мұғалімдер мен сынып жетекшілер тиісті құжаттарын уақытылы тапсырысын. Мараптқа ұсынған мұғалімдердің құжаттары реттеліп, марапат бетшесі талапқа сай толтырылсын.

Ағымдағы міндеттер ескерілсін.

Педкеңес төрайымы: А.У Джумагазиева

Хатшы : А.К Тулебаева







«№ 3 арнайы мектебі» КММ

# Баяндама

Тақырыбы: «Білім-өмір шырагы»

Орындаған: Нұрадин С

2021-2022 оку жылы

## Тақырыбы: «Білім-өмір шырагы»

Халкымыз ерқашан да үстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлең, багалаган. «Үстаздық еткен жалықпас Уйретуден бағаға», «Адамның адамшылығы жақсы үстаздан болады», — деп айтқан ұлы Абай. Ал чектің педагогы Я.Л.Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл ерекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі», — деп үстаздар қауымын жоғары бағалаган. Педагогикалық мамандықтардың ішінде бастауыш сынып мұғалімі мамандығы – ерекше мамандық. Өйткені кез – келген мамандық иегері бастауыш сынып мұғалімінен тәлім-тәрбие алады. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын камтамасыз ету, білімге деген сенімін нағайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, окута деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. «Білім негізі – бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы атасы – бастауыш білім. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жакты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. «Егеменді еліміздің тірері – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер окушы білімін дамытып, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Мектепте, ғылым саласының қай-қайсысынан болмасын, берілетін білімнің негізі бастауышта қаланады. Сондықтан да болар, А.Байтұрсыновтың: «... бастауыш мектепте үйренетін білім жүргіттың бәріне тегіс керек білім гой. Адамға тіл, құлак, кол қандай керек болса, бастауыш мектептерде үйренетін білімдер де сондай керек», - деуі Бастауышта берілетін білімге ерекше көніл бөлінеді. Яғни ғылыми білімдердің негізі осы бастауыштан басталады. Баланың оқу әрекетінің танымдық белсенділігі де осында қалыптасып, олар білімдерін өз беттерімен толықтыра алатындаи деңгейге көтеріледі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мектепте білім беруді жетілдірудің нақты жолдары мен тәсілдері казіргі кезде сан алуан әдіспен іске асырылуда. Әр мұғалім: ««Менің бүгінгі сабағымнан окушым не үйренді?», « Мен өз білімінді толықтыру үшін не істедім?» деген сұрақтар тәнірегінде істеген ісіне есеп беріп отыру керек. Әрбір сабак мұғалімнен үлкен қажырлы еңбекті, ізденісті, шеберлікті, шығармашылықты қажет етеді. Оқушылардың рухани дүниесін байытып, өмірді, оқиғаны бағалап пайымдай білуге дағыландырып, аяқталған ойды ауызша және жазбаша жеткізе алуға тәрбиелеу мақсатында сабактарымды түрлендіріп отырамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының миға шабуыл, ой жарыс, синквейн құру, эссе жазу, тоқтап оку сияқты әдістерін үнемі қолданып отырамын. Қазақ тілі, математика, дүниетану сабактарында әртүрлі тақырыпта бүктемелер, қималар, ұнтаспалар, ойын элементтерін, сөзжұмбақтар, ребустар т.б. қолдана отырып оқушылардың шығармашылығын дамытамын. Оқушылардың тіл байлығын дамытудың бір түрі – суреттермен мәтін құрастыру. Суретке бала назарын аудартып, сұрақ-жауап арқылы ой қозғатып, мәтін құрастыратамын. Бұл жұмысты ауызша да, жазбаша да орындауға болады. Баланы үшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтар, мақал –

мәтелдер, өтірік өлең, жаңылтпаштарды сабақ сайын жүйелі пайдаланамын, өйткені олардың бала тілін дамытудағы рөлі ерекше. Тәрбие саласында ұмыт калған салт-дәстүрлерімізді үйретіп отырамын. Кіші мектеп оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-кимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да, жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтарғана балаға білім мен тәрбие беріп, онын жан дүниесіне әсер ете алады. «Оку-білім – жаңған шырақ ойласаң. Үйренерсің, іздең көрсөн – қалмасаң. Ку өнерді, бу белінді, жігер сал, Пайда аларсың, каз жанарсың, тоймасаң», — деп жырга қосқан қазақтың ұлы қоғам кайраткері, көсемсөзші Жұсіпбек Аймауытов. Білім қашан да адамның өмірлік азығы, өміріне мән берер түпсіз терең байлығы. Сондықтан адамды білімге үйрететін ұстаздың орны ерекше. Ойымды қорытындылай келе қазақтың нақыл сөзімен аяқтасам деймін: « Оқушы толтыратын ыдыс емес, оқушы – бұл алау » оны жаға білуіміз керек.